**Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** :Т.О.О «Инсар Компаниясы» «Ар-Дана» балабақшасы
**Топ:** ортаңғы «Айналайын» тобы
**Бала жасы: 3жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі** : **07.11-04.11. 2022-2023 оқу жылы**

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 07.11.22** | **Сейсенбі 08.11.22** | **Сәрсенбі 09.11.22** | **Бейсенбі 10.11.22** | **Жұма 11.11.22** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу. Табиғатпен танысу Табиғат неткен көрікті, Жапырақтай жайқалып, Гүлдей жайнап өсеміз. Бір отырып, бір тұрып, Билеп-билеп аламыз. **Қоршаған ортамен танысу** | «Балаларды әдемі көңіл күймен қарсы алу. **Достық» жаттығуы** Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос. (қолдың саусақтары өзара бірігеді) Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз, (екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу) Бір, екі, үш, төрт, бес, (шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу) Қайтадан санауды бастаймыз. Бір, екі, үш, төрт, бес, Енді санауды аяқтадық. (қолды төмен түсіреміз, демалтамыз) | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. **«Қателеспе»** **Мақсаты:** Спорт түрлерін анықтауға және білімдерін бекітуге жаттықтыру. Спортпен шұғылдануға деген талабын арттыру. Д/ш | **Сәлемдесу "Көңілді тілек".** Мақсаты: достарына деген жақсы қарым қатынасты дамыту. Балалар шеңберде тұрып, кезекпен бір-біріне жақсы, жағымды тілек айтады. Сөйлеуді дамыту, танымдық дағды | Балалардан көңіл күйлерін сұрау. **Өз үйіңді тап** **Мақсаты:** түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету. **Сөйлеуді дамыту** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Сөйл.дамыту, көрк.әдеб** | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу | Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу» | Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Д/о «Сиқырлы сандық»** **Мақсаты:** Дыбыстарды анық, асықпай, дұрыс айта білуге үйрету.Сөздерде дыбыстың дұрыс айтылуына назар аудару. Көрк.әдебиет, сөйл.дамыту. | **1.«Үй жануарлары»** **Ойын мақсаты**: Үй жануарларының дене мүшелерін атауға, ажыратуға үйрету. атату, олар туралы мейірімді сөздер айту. Қоршаған орта, сөйл.дамыту, жапсыру | **Үстел үсті ойыны: «Кім тез жинайды.»** **Ойын мақсаты**: Көкөністер мен жемістерді ажырата білуге үйрету. Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. **Ойын шарты:** Тәрбиеші балаларға ойын шартын түсіндіреді. Себеттің сыртында алма мен қиярдың суреті жапсырылады. Алманың суреті бар себетке жемістер, ал қиярдың суреті бар себетке көкөністер салынады. Корш.орта,**сөйл.дамыту,мүсіндеу** | **Д/о«Сыңарын тап»** **Мақсаты:** Балалардың пішіндер туралы түсініктерін кеңейту.Байқампаздыққа және шапшаңдыққа үйрету.Ойынға қызығушылықтарын арттыру.Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Математика негіздері | **«Әдемі үйшік»** **Мақсаты:** Балалар өз еріктерімен үйшікті құрастыра алады. **Құрастыру** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жаттығулар кешені : (құралмен)**<br>Тәрбиешінің артынан шеңбер бойымен жүру. Аяқтың ұшымен, өкшемен жүру.<br>Негізгі қимыл жаттығулар:<br>1) Аяқ бірге,қолды алға созу,жоғары көтеру,жанға созу.<br>2)Қол белде,оңға,солға иілу.<br>3) «Отырайық жүрелеп,<br>Гүлді үзіп алайық.<br>Орнымыздан түрегеп,басқа гүлге барайық».<br>4) Қолымыз иықта,алға,артқа есу<br>5) Қол белде,екі аяқпен секіру<br>Терең тыныс алу жаттығуларын орындау.<br>Денсаулық ол – шыныққан<br>Барлық денең мүшесі<br>Денсаулық ол – тыныққан<br>Жүйке тамыр жүйесі (Көрк әдебиет,сөйл.дам) | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**<br>Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту<br>**Бата айту:**<br>Береке берсін асымызға!<br>Амандық берсін басымызға.<br>Дастарханымыз мол болсын,<br>Көңіліміз жайлы болсын. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Д/о«Тез жауап бер.»**<br>**Мақсаты**: Түстерді, пішіндерді, сапасын дұрыс атай білуге | **Шаттық шеңбері:**<br>«Тату-тәтті отбасы»<br>Сенде де бар жанұя,<br>Улкендер де кіші де,<br>Жанұя бары шуақ қой,<br>Қуаныш пен қуат қой! | «Жүректен жүрекке»<br>Балдырған баламыз,<br>Досты көп табамыз.<br>Қашан да, қайда да,<br>Достар бір-біріне<br>Сенімді боламыз. | **Шаттық шеңбері:**<br>«Тілек тілеу»<br>Барлығымыз табиғатты сүйеміз,<br>Үлкендердің сөзін ойға түйеміз. | **Жылулық шеңбері:**<br>«Шын жүректен» Ән салуға барамыз, (шеңбер бойлай жүреді)<br>Досымызды табамыз.<br>(тоқтайды) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қасық т. б. Ойынды үйренгесін тапсырманы күрделендіруге болады. Бір сөзбен жауап бермей екі,үш сөзбен жауап беруге болады. Математика негіздері | **көрк.әдеб,сөйл.дамыту** | 2 деген 2 дос, Бірін-бірі қимайтын. Артық-кемді етпей сөз, Бірін-бірі сыйлайтын. **көрк.әдеб,сөйл.дамыту** | Денсаулықты әрқашан да сақтаймыз, Бейбіт өмір баршамызға тілейміз! **сөйл.дамыту** | Сәлемет пе! Міне мен! (қолдарын екі жаққа сермейді) Доспын енді сенімен! (көршілерімен қол алысады) **сөйл.дамыту,музыка** |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **Денешынықтыру міндеті:** Жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әртүрлі бағытта:тура шеңбер бойымен, «жыланша» шашырап жүгіру; белгілі тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша | **Қазақ тілі міндеті:** Ауызекі сөйлеуде қоршаған орта заттарымен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас»), тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардыңатауларын айтужәне түсіну дағдыларын | **Денешынықтыру міндеті:** Жүру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру. Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен | **Денешынықтыру міндеті:** Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.<br><br>**Қ/о** «Маған қарай лақтыр» Мақсаты: балалардың қимыл дағдыларын қалыптастыру. | **Музыка міндеті:** Ересектердің орындауындағы және аудио-бейне жазбадан музыка тыңдауға үйрету. Музыканың шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (қатты-баяу),көңіл-күйі (мұңды,көңілді және т.б) байқауға үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көрсетілген жерге жүгіру.<br>**Қ/о:** «Қабырғалы тақтайдан өт»<br>**Мақсаты:** балалардың денелерін тік ұстауын, тепе-теңдікті сақтауын, дұрыс дем алуын дамыту. | қалыптастыру. | ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету.<br>**Қ/о** «Жүгір де, ұста!» **мақсаты:** балаларды ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу. | | |
| 2- таңғы ас | Екінші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау (өзіне-өзі қызмет көрсетудің мәдени-гигиеналық дағдылары, еңбек қызметі) Балалардың назарын тағамға аудару, балалардың дұрыс қалпын қадағалау, тік, түзу отыру ,алаңдамау **(сөйл дамыту, мәдени гигиналық дағды)**.<br>**Жуыну кезіндегі тақпактар:**<br>Жуын тамақ алдында,<br>Жуын тамақ соңында,<br>Жуын ұйықтар кезінде,<br>Жуын тұрған мезгілде. | | | | |
| Серуенге дайындық | Балалардың ретімен киінулерін қадағалау (ауа-райына байланысты) дұрыс киінуді бақылау **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.<br>(коммуникативтік дағды,өзіне-өзі қызмет ету, танымдық дағды) | | | | |
| Серуен | **Серуен картотекасы**<br>**Бақылау:** «Жыл мезгілдерінің өзгеруін бақылау»<br>**Мақсаты:**Жыл мезгілдерінің | **Серуен картотекасы**<br><br>**Бақылау:**Күздің алғашқы белгілерін бақылау<br>*Мақсаты:* | **Серуен картотекасы**<br>**Бақылау:Қайың ағашын бақылау**<br>*Мақсаты:* - Күзгі қайың ағашын бақылауды жалғастыру;<br>Қайың ағашының | **Серуен картотекасы**<br>**Бақылау:**Өрмекшіні бақылау *Мақсаты:* өрмекшінің өмірі мен сыртқы бейнесінің ерекшеліктері | **Серуен картотекасы**<br>**Бақылау:**Күн — жылу мен жарық көзі<br>*Мақсаты:*күннің жарық және жылу көзі екені туралы түсініктерін қалыптастыру ойлау, талқылау, дәлелдеу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өзгеруі туралы түсініктерін қалыптастыру, әр мезгілдің өз ерекшеліктері туралы түсініктерін тиянақтау. .(Сөйл дамыту, корш орта,көр әдебиет)<br>**Еңбек:** Ойын алаңындағы жапырақтарды жинау<br>**Жеке жұмыс:** «Күзге ең алғашқы дайындалған ағашты тап» (қайың, көк терек)<br>**Қ\О:** «Бәйге»<br>**Мақсаты:**Тез жүгіруге, ептілікке жаттықытыру. Жаттығу ойындары, қозғалыстарын қалыптастыру. .(д/ш) | Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін молайту; Күздің алғашқы белгілері туралы түсініктерін қалыптастыру.(Сөйл дамыту, корш орта,көр әдебиет)<br>**Жеке жұмыс:** Ағаштарға қамқор болу керектігі туралы әңгімелесу, ағаштарға күтім жасау.<br><br>**Еңбек:** Ойын алаңындағы жапырақтарды жинау.<br>**Қ/о**«Қуып жет».<br>*Мақсаты: Тез* жүгіруге, ептілікке жаттықтыру.<br>**Еркін ойын** | басқа ағаштардан айырмашылығы мен ұқсастығын табуға үйрету (Корш орта)<br>**Еңбек:**<br>**Гүлзарлардағы солған гүлдер дәнін жинау**<br>**Мақсаты: үлкендерге көмектесу, келесі көктемге гүл дәндерін әзірлеу.**<br>**Жеке жұмыс: Күзде ағаштар қандай өзгерістерге ұшырайды? Олардың жапырақтары неге сарғаяды? Ең алғаш қай ағаштың жапырағы сарғаяды? Ағаштардың өндірісте қандай пайдасы бар? (Сөйл дамыту, корш орта)**<br>**Қ/о: «Допты ұста»**<br>**Мақсаты: Допты қағып алуға және келесіге беруге үйрету. (Д/Ш)** | туралы білімдерін молайтуды жалғастыру; айналаға қоршаған ортаға қызығушылықтарын арттыру. (Корш орта, Сөйл дамыту)<br>*Жеке жұмыс:*<br>*Көркем сөз*<br>*Сенде айтшы өрмекші,*<br>*Неше аяқ, неше қол?*<br>*Жауап берші өрмекші*<br>*Неше аяқ, неше қол?*<br>*(Көрк әдеб, сөйл дамыту)*<br>*Еңбек: «Бархат» гүлдерін аударып, ыдысқы орналастыру*<br>*Мақсаты: гүлдерге деген қамқорлыққа, әсемдікке тәрбиелеу*<br>*Қ/О: «Үнсіз өт»*<br>*Мақсаты: Жәй, нық, денені түзу ұстап жүруге жаттықтыру(Д/Ш )* | дағдыларын дамыту; табиғатқа деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу. (Корш орта, Сөйл дамыту)<br>*Жеке жұмыс:* Сұрақтар: Жануарлар мен өсімдіктер бойы өсуі үшін не керек?<br>Күн не береді?<br>Күнге бетіңді бұрғанда нені сезінесің?<br>Күнге тура карауға бола ма, көзің ауырмай ма?<br>**Зерттеу жұмысы:** екі тасты алып, біреуінің бетін жауып, біреуін ашық қою. Біраз уақыттан соң оларды карап айырмашылықтарын табу. Тұжырым: ашықтағы зат тез қызады, көлеңкеде жылу аз.<br>**Еңбек:**<br>Аланды тазалауға көмектесу.<br>**Мақсаты:**<br>еңбексүйгіштікке, тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Еркін ойын:** | | **Еркін ойын** | **Еркін ойын** | **Қ/О:** «Өрт сөндірушілер жаттығуда» **Еркін ойын** |
| Серуеннен оралу | Қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай, жүгірмей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін,сыртқы киімдерін ұқыпты ілулерін қадағалау.Әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (**көркем әрекет** коммуникативтік дағды,өзіне-өзі қызмет ету, танымдық дағды,математика негізді) | | | | |
| Түскі ас | Сабынмен қолдарын сабындап, жууын қадағалау. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды қалыптастыру.Тамақтану кезінде орындықта тік отыру. Астың дәмді болуын тілеу. Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану , нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**<br>**Бата жасау:**<br>Береке берсін асымызға!<br>Амандық берсін басымызға.<br>Дастарханымыз мол болсын,<br>Көңіліміз жайлы болсын. | | | | |
| Күндізгі ұйқы | «Алтын шашты қыз бен үш аю» ертегісін оқып беру<br>**Көркем әдебиет** | «Бесік жыры» әнімен ұйықтату **Музыка** | «Шынашақ» ертегісін оқып беру көркем әдебиет | Аудио ертегі «Ақылды тышқан» көрк.әдеб | Балалардың жақсы тынығулары үшін, жағдай жасау.**Музыка** |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары | Балаларды ояту,төсекте жатып бой жазу жаттығуларын жасау Сауықтыру-шынықтыру шарасы : **Көзге арналған жаттығулар:** Көзге арналған жаттығулар: | Балаларды ояту,төсекте жатып бой жазу жаттығуларын жасау Сауықтыру-шынықтыру шарасы: **Тыныс алу жаттығуы:** «Жапырақты ұшыр» Терең тыныс алып, ауызбен ұзақ дем | Балаларды ояту,төсекте жатып бой жазу жаттығуларын жасау Сауықтыру-шынықтыру шарасы: «Кедір - бұдыр жолдармен жүріп өту». майтабандылықтың алдын алу. | Балаларды ояту,төсекте жатып бой жазу жаттығуларын жасау Сауықтыру-шынықтыру шарасы: Нүктелі массаж. Суық тиюге және тұмауға қарсы жаттығулар жасау арқылы балалардың | Балаларды ояту,төсекте жатып бой жазу жаттығуларын жасау Сауықтыру-шынықтыру шарасы: Алақанға арналған «Кірпі» жаттығуы. Тікенек допты алақанға салып, айналдыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Көздерді оңға – солға, солдан оңға қарай қозғалту;<br><br>Көз карашығын көкке одан төменге карату; Сағат тілі бойымен көзді айналдыру; Тез арада көзді ашып – жұму; музыка, мәдени дағды,д\ш | шығара отырып, жапырақтарды үрлеу. | музыка, мәдени дағды,д\ш | денсаулығын нығайту, дене сымбатын жетілдіру, қимыл - қозғалыс дағдыларын дамыту.<br>А) Тамағымыз ауырмау үшін, қолымызбен тамағымызды жоғары - төмен уқалаймыз<br>Б) Түшкіріп, тұмауратпау үшін, нұсқаушы саусағымызбен танауымыздың екі жағын кезектеп үйкейміз.<br>В) Қолымызды маңдайымызға қойып уқалаймыз.<br>Г) Құлағымызда ауырмау үшін, нұсқаушы және ортаңғы саусағымызбен құлағымызды алдынан және артынан уқалаймыз. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | (музыка, мәдени дағды,д\ш) | |
| Бесін ас | Ас ішер алдында ,ас мәзірімен таныстыру, Ыдыспен ойнамау. Балалардың назарын тағамға аудару.<br>Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.<br>«Бата айтып», «Ас қайтаруды» үйрету. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | «Ормандағы Кірпілер»<br>**Мақсаты:** Ермексазды ал ақан арасында дөңгелектетіп мүсін жасауды жетілдіру, ермексазды пайдалану арқылы, Кірпі жасауды үйрету<br>**Мүсіндеу** | **Кітаппен жұмыс**<br>Отбасы бейнеленген кітаптарды қарау, отбасы жайлы түсінігін қалыптастыру.<br>**Сөйлеуді дамыту** | **Д/о:** «Анамыздың себетін толтырайық»<br>**Мақсаты:** Заттардың көлеміне байланысты (үлкен – кіші, көп – аз) салыстырады.<br>**Математика негіздері,**<br>**Қоршаған ортамен танысу** | **Үстел үсті ойын** «Суреттер құрастыру»<br>**Мақсаты:** Балаларға ұсақ суреттерден бір мазмұнды сурет құрастыруды үйрету, әңгіме құрастыра білу, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту, әр түрлі мазмұнды суреттер құрастыруға деген балалардың қызығушылығын арттыру.<br>**Ойын атрибуттары:** әр түрлі ертегілерге байланысты суреттер.<br>**Сөйл.дамыту, құрастыру** | **Тақпақ. «Жел»**<br>**Мақсаты:** Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу.<br>Жел улейді у-у-у.<br>Құйын келіп билейді зу-зу-зу<br>Қатты-қатты жел соқтыгу-гу-гу,<br>Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду.<br>**Көркем әдебиет** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Балалармен жеке жұмыс | **Жеке баламен жұмыс: Ойын:** «Аю жүрген орманда». **Мақсаты:** Қимыл қозғалысын дамыту арқылы, Ислам, Абылайға Аюдың суретін салдыру, қылқаламмен жұмыс жасу дағдысын қалыптастыру **Сурет салу Көркем әдебиет,корш.о рта,** | **Жеке баламен жұмыс:** Жұлдызқұрттың бөліктерін санай отырып, Алауға, Айсұлтанаға санауды**,** түстерді ажыратуды үйрету**.** **Құрастыру,матем негізі,танымдық дағды** | **Жеке баламен жұмыс:** «Көлеңкесін тап» ойнай отыра ойлау, қызықтыра отырып қоршаған ортамен таныстыру. Айымжанға, Айяға, Айкенге-логикалық ойлауын дамыту,сөйлеуге ынталандыру, танымын кеңейту. **Сөйл.дамыту, корш.орта** | **Жеке баламен жұмыс: «Жемістер»** Хантөре, Айымға желіммен дұрыс жұмыс жасауға, қызығушылығын туғызу, жапсыру дағдсын дамыту. **Қоршаған ортамен танысу, Сөйлеуді дамыту, жапсыру** | **Жеке баламен жұмыс: «Көңілді күн»** Ализиге, Мединаға ермексазды домалату, ширатып созу арқылы, күн сәулесін жасауға үйрету, ермексазбен дұрыс жұмыс жасау дағдысын қалыптастыру **Қоршаған ортамен танысу,сөйлеуді дамыту** |
| Серуенге дайындық | Балалардың киіну реттілігін бақылау. Серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).** | | | | |
| Серуен | **Серуен картотека (қорытындылау)** | **Серуен картотека (қорытындылау)** | **Серуен картотека (қорытындылау)** | **Серуен картотека (қорытындылау)** | **Серуен картотека (қорытындылау)** |
| Серуеннен оралу | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |

<table>
<tr><td>Кешкі ас</td><td colspan="5">Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)<br>Бата жасау:<br>Береке берсін асымызға!<br>Амандық берсін басымызға.<br>Дастарханымыз мол болсын,<br>Көңіліміз жайлы болсын.</td></tr>
<tr><td>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</td><td>Әндер мен тақпақтарын қайталау. көркем әдебиет, музыка</td><td>Қимылды жаттығу:<br>Көтеріліп шанырақ<br>Уықтары финшылар<br>Керегелер керіліп<br>Өрімдей боп өрілер<br>Бәріміз жүрсек айналып<br>Киіз үй боп көрінер.<br>Шаңырақтың суретін саусақпен салу.<br>Сурет салу, жапсыру</td><td>«Күз» тақпақ<br>Береке бақ дарыған,<br>Жомарт көңіл, жарқын жүз,<br>Сары алтынға малынған,<br>Жетті міне, алтын күз!<br>Қоршаған ортамен танысу, Сөйлеуді дамыту</td><td>Д/о «Тез-ақырын»<br>Мақсаты:Балаларға тақпақтарды,жаңылтпаштарды тез жән ақырын айтуға үйрету.<br>Ойын барысы:<br>Тәрбиеші балаларға бір сөзді,тақпақты немесе жаңылтпашты айтады. Балалар соны тез және ақырын қайталап айтуы керек.<br>сөйлеуді дамыту, көрк.әдеб</td><td>«Шар жарылды»<br>Мақсаты: Дыбыстық жаттығу жасау арқылы «ш» дыбысын анық айтуға жаттықтыру.<br>Ойын барысы:<br>Көпіре гөр көбік шар,<br>Көпіре бер кеңіп-шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өленді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. Тәрбиеші «шар жарылды» деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен: «ш-ш-ш»-дейді тізерлеп отыра кетеді.</td></tr>
<tr><td>Балалардың үйге қайтуы</td><td>Ата-анаға кеңес: Балалардың тазалығы</td><td>Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп</td><td>Балалармен бірге Күз мезгіліне көрме жасап келуді тапсыру</td><td>Күз мерекесіне арналған әндерін,</td><td>Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету.</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жөнінде кеңес беру | отыруды түсіндіру. | | тақпақтарын қайталау. | |
| Циклограмма толтырған тәрбиеші: | | | Әдіскер: | | |

**Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** :Т.О.О «Инсар Компаниясы» «Ар-Дана» балабақшасы

**Топ:** ортаңғы «Айналайын» тобы

**Бала жасы: 3жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі** : **14.11-18. 18.2022-2023 оқу жылы**

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 14.11.22 | Сейсенбі 15.11.22 | Сәрсенбі 16.11.22 | Бейсенбі 17.11.22 | Жұма 18.11.22 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Әдемі,көңіл көтеретін сөздермен қарсы алу (көйлегің қандай әдемі, шашың қандай әдеміт.б) (сөйл.дамыту, мәдени дағды) | Балаларды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу. **Сөздік ойын «Жаңылтпаш»** **1.**Ала-ала алашалар, Тамаша олар, Оған кім таласа алар. **2.**Доп теп доптеп **3.**Сұр інген сүрінген бе сүрінген сұр інген бе **Мақсаты:** Тәрбиешінің сөзін балалар жалғастыру.Сөйлеу тілін дамыту. **(Сөйлеуді дамыту)** | Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар өз отбасылары туралы әңгімелеп беру. **Сюжеттік ойын:** «Менің ата-әжем» **Мақсаты:** Отбасы мүшелерінің үйдегі қызметтерін үйрету. **Сөйлеуді дамыту** | **Сәлемдесу "Жақсы тілек".** Мақсаты: достарына деген жақсы қарым қатынасты дамыту. Балалар шеңберде тұрып, кезекпен бір-біріне жақсы, жағымды тілек айтады. Сөйлеуді дамыту | Балаларды әсем әуенмен, көтеріңкі көңіл күймен, Нейрожаттығумен қарсы алу Музыка |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу | Балаларды Ауа райына байланысты киіндірулеріне кеңес беру | Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау | Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Д/о:** «Сиқырлы суреттер»<br><br>**Мақсаты:** балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту<br><br>Ойынның құрал-жабдықтары: әр түрлі сурет бөлінділері. Көрк.әдебиет, сөйл.дамыту. | **Үстел үсті ойыны:** «Сыңарын тап» **Мақсаты**: Берілген суреттердің сыңарын таба отырып, түсін ажыратып айтуға, санауға үйрету Сөйл.дамыту, матем, негізд, құрастыру | **Д/о:** «Сипаттамасы бойынша таны»**Мақсаты:** Ұзын-қысқа, биік-аласа ұғымдарын бекіту. Математика негіздері | **Д/о:** «Түсі бойынша жина »<br><br>**Мақсаты:** түстерді ажырата білуге, оларды таңдап алу, бөлшектерден тұтасты құрастыру іскерліктерін дамыту**Құрал – жабдықтары:** Геометриялық бөлшектер Математика негіздері | **Үстел үсті театры** «Үйшік»<br><br>**Мақсаты:**Балалар эмоцианалдық жан күйін мимикамен, ыммен, қимылмен білдіру және қалыптастыру; үстел үсті театрымен таныстыру; кейіпкерлердің рөліне ене білуге үйрету; жаңа мәнерлі қозғалыстар ойлап табуға түрткі болу. Көркем әдебиет |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жаттығулар кешені: *(доппен)***<br>**Кіріспе бөлім:**<br>1.Марш екпінімен жүру.<br>2.Тәрбиешінің артынан шеңбер бойымен жүру. Аяқтың ұшымен, өкшемен, сыртқы және ішкі қырымен жүру. Отырып, жартылай отырып жүру, отырып секіру. Артқа қарап, жылан сияқты ирелеңдеп жүру.<br>II. Негізгі бөлім: | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">1)Б.қ.: аяқтарды қосып тұру, доп төменде екі қолында. Допты жоғары қарай көтеру, жоғары қарау, төмен түсіру, бастапқы қалыпқа келу.  4-5 рет қайталау.<br>2)Б.қ.: аяқтары иық деңгейінде, доп екі қолында-кеуде тұсында. Еңкею, допты еденге тигізу, тік тұру, бастапқы қалыпқа келу.  4-5 рет қайталау.<br>3)Б.қ.: аяқтарды қосып тұру, доп төменде екі қолында. Отыру, допты алға созу. 4-5 рет қайталау.<br>4)Б.қ.: отыру, допты алдында ұстау. Допты өз айналасында оңға (солға) қарай домалату. 4-5 рет қайталау.<br>Қорытынды бөлім:<br>Жүру, тыныс алу жаттығуларын орындау. (сөйл.дам, Д/ш)</td></tr>
<tr><td>Таңғы ас</td><td colspan="5">Балалардың назарын тағамға аудару. Мәдениетті  тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс,әдеп ережесі «Тамақ ішкенде сөйлемеймін, құлағыммен тыңдаймын»<br>«Дұрыс тамақтануға баулу» әңгіме<br>Көркем әдебиет<br>Бата айту:<br>Дастарханымыз мол болсын,<br>Көңіліміз тоқ болсын.<br>Қайда барсақ жол болсын,<br> Басқан қадамымыз оң болсын.  Әмин</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</td><td>Шаттық шеңбері:<br>Күн, сәуле шашқаның үшін ракмет!  Ауа, таза аспаның үшін ракмет!  Бұлт, жаңбыр сепкенің үшін ракет!<br>Ағаш, көлеңкең үшін ракмет!<br>Сөйлеуді дамыту</td><td>Шаттық шеңбері:<br>Армысың шапағатты Күн –Ана! Армысың қайырымды Аспан – Ана! Армысың мейірімді Жер – Ана! Құт дарыт, Бар әлемді жарылқа!<br>Көрк.әдеб, сөйл.дамыту</td><td>«Жүректен жүрекке»<br>Балдырған баламыз,<br>Досты көп табамыз.<br>Қашан да, қайда да,<br>Достар бір-біріне<br>Сенімді боламыз.<br>2 деген 2 дос, Бірін-бірі қимайтын.<br>Артық-кемді етпей сөз,  Бірін-бірі сыйлайтын.<br>Көрк.әдеб,сөйл.дамыту</td><td>Шаттық шеңбері:<br>«Тілек тілеу»<br>Бір-бірімізге қол беріп,  Айтамыз жақсы сөз жөн көріп.<br>Қалмаймыз текке іркіле,<br>Сыйлаймыз жылы күлкі де.<br>Сөйлеуді дамыту</td><td>Жылулық шеңбері: Адал жақсы ниетпен<br>Бар адамға бақ тілеп.<br>Жарып шыққан жүректен,<br>Сөздің бәрі – Ақ тілек!  «Қайырлы таң!» деп айтамыз,<br>Бір болып,кеште қайтамыз.</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **Сөйлеуді дамыту** |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **Денешынықтыру міндеті:** Домалату, лақтыру, қағып алу. Заттарды оң немесе сол қолмен қашықтыққа лақтыру.(2,5-5м қашықтық), төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен(1,5-2 м қашықтықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру **Қ/о:** «Әртүрлі доптарды лақтыру» **Мақсаты:** Иық бұлшық етін, зейінін тұрақтылығын дамыту. | **Қазақ тілі міндеті:** Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты,сөйлеу кезінде тыныс алуды,36 естуді дамыту | **Денешынықтыру міндеті:**Допты жоғары лақтыру, төмен –еденге (жерге) соғу, қағып алу. Оң және сол қолмен тік нысанаға лақтыру(нысана биіктігі-1,2м) лақтыру(1-1,5м қашықтық), аяқтарын алшақ қойып, отырып 1,5-2 метр қашықтықтан допты бір-біріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату. **Қ/о** «Маған қарай лақтыр» Мақсаты: балалардың қимыл дағдыларын қалыптастыру. | **Денешынықтыру міндеті:** Еңбектеу, өрмелеу.4-6 метр қашықтыққа тура бағытта, заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу, еденге қойылған тақтай бойымен еңбектеу.<br><br>**Қ/о:** «Кім шапшаң?» Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа, тез қимылдауға тәрбиелеу. | **Музыка міндеті:** Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл-күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. |
| 2- таңғы ас | Екінші таңғы ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (өзіне-өзі қызмет көрсетудің мәдени-гигиеналық дағдылары, еңбек қызметі ). Балалардың назарын тағамға аудару, үстелдегі балалардың дұрыс отыруын қадағалау | | | | |
| Серуенге дайындық | Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.<br>Серуенге ойын құралдарын дайындау.<br>Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру.<br>Серуен кезінде ұйыымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| Серуен | **Картотека**<br>**Бақылау:**Аула тазалаушы еңбегін бақылау<br>Мақсаты:<br>күз мезгіліндегі аула тазалаушы еңбегі туралы білімдерін молайту, аула тазалаушыға қажетті құрал-жабдықтармен танысу(Қоршаған орта, сөйл дамыту, өз-өзіне қызмет ету)<br><br>**Еңбек:** Аула тазалаушыға көмектесу (Д/Ш)<br>**Мақсаты:**<br>Еңбексүйгіштікке, үлкендер еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу<br>**Қ/О:** «Қармақ»<br>Мақсаты:<br>ептілікке, | **Картотека**<br>**Бақылау:**Саңырауқұлақтарды бақылау<br>Мақсаты:<br>саңырауқұлақтар туралы түсініктерін қалыптастыруда танымдық белсенділіктерін дамыту (Қоршаған орта, сөйл дамыту, мүсіндеу)<br>Жеке жұмыс:<br>Жұмбақ: Басында әсем қалпағы,<br>Көлеңкені сүйеді<br>Орманда болған әр бала<br>Не екенін біледі<br>(саңырауқұлақ)<br>( сөйл дамыту) **Еңбек:**<br>Аланда тазалық жұмыстарын жүргізу<br>Мақсаты:<br>еңбексүйгіштікке, үлкендерге көмекке келуге тәрбиелеу<br>(коммуникативтік дағды,өзіне-өзі қызмет ету, танымдық дағды)<br>**Қ/О:** | **Картотека**<br>**Бақылау:**Арнайы көліктерді бақылау<br>Мақсаты:<br>Арнайы көліктер туралы білімдерін кеңейту;<br>Сөздік қорларын молайту. (Қоршағ орта, сөйл дамыту, сурет салу,мүсіндеу)<br>**Еңбек.**<br>Тәрбиешімен бірге сынған, құлаған құрғақ бұтақтарды жинау<br>Мақсаты: Жұмыс уақытында ұқыпты болуға баулу.<br>(Қоршағ орта, Сөйлеуді дамыту, Көркем әдебиет,танымдық дағды)<br>Жеке жұмыс:<br>Көркемсөз:<br>Үлкен болдым десем де,<br>Ешкім маған сенбейді. | **Картотека**<br>**Бақылау:** Гүл егілген клумбаны бақылау<br>Мақсаты:<br>өсімдіктердің күзгі тіршілігі туралы білімдерін тиянақтау;<br>кейбір өсімдіктердің дәндерін шашып, қурап үлгергеніне көңіл бөлу;<br>Күзде гүл ашатын гүлдермен (астра, настурция)таныстыру( Қоршағ орта, Сөйлеуді дамыту, Көркем әдеб)<br>**Еңбек**:Гүлдер дәнін жинап алу.<br>Мақсаты: Балаларға келесі көктемнің қамын қазір ойлау керек екенін түсіндіру.<br>(Қоршағ орта, Сөйлеуді дамыту, Көркем әдебиет,танымдық дағды)<br>Жеке жұмыс:<br>Балаларға сұрақтар: | **Картотека**<br>**Бақылау:Ағаштарды бақылау**<br>Мақсаты:күз мезгілі туралы жалпы білімдерін қалыптастыру;қайың мен терек ағашын діндері мен жапырақтарына қарап айыра білуге үйрету;<br>ағаш бөліктері туралы білімдерін тиянақтау (діні, бұтағы, тамыры);<br>туған жердің табиғатын аялауға тәрбиелеу.<br>(Қоршағ орта, Сөйлеуді дамыту, Көркем әдебиет,танымдық дағды)<br>**Еңбек**: Сынған ағаш бұталарын жинау.<br>Жеке жұмыс:<br>**Д/О.**«Аталған |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жылдамдыққа тәрбиелеу:<br>**Жеке жұмыс:**<br>**Мақал: «Еңбек етпеген ішіп-жемейді»** (көркем әдеб, сөйл дамыту<br>**Еркін ойын** | «Допты басқарушыға бер».<br>Мақсаты: допты екі қолмен қағып алу және лақтыруға жаттықтыру (Д/Ш) **Еркін ойын** | «Жалғыз жүрме көшеде,<br>Кішкентайсың сен»-дейді.<br>Үлкенмін ғой міне мен,<br>Ойыншықтарды жинаймын.<br>Машинаға мінер ем,<br>Кабинаға сыймаймын.<br>**Қ/О:**<br>«Қояндар мен түлкі».<br>Мақсаты: тез жылдамдық, дағдыларын дамыту<br>**Еркін ойын** | Гүлдерде күзде қандай өзгерістер болады?<br>Келесі жылы гүлдер өсіру үшін қазір не істеу керек?<br>Қандай гүлдер күзде гүлдейді?<br>**Зерттеу қызметі:**<br>Қураған гүлдерді алып, оның сабақтары мен дәндерін қарау.<br>**Қ/О:** «Мені ата».<br>Мақсаты: ымдау және қимыл арқылы жанурлар бейнесін жасау қабылеттерін<br>**Еркін ойын** | ағашта тап». «Бір, екі, үш, қайыңға (терекке) қарай ұш!».<br>Мақсаты: мәтінге сай қимыл жасауды үйрету, аталған ағашты табу<br>Зерттеу қызметі<br>Гербарий үшін қайың және терек жапырағын жинау (айырмашылықтарын атау)<br>**Тыйым сөздер:**<br>Ағашты кеспе<br>Ағаш бұтағын сындырма<br>Ағаш жапырағын жұлма<br><br>**Қ/О:** «Қасқыр қақпан»<br>Мақсаты: Жылдамдыққа, ептілікке баулу<br>**Еркін ойын** |
| Серуеннен оралу | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру.<br>Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүру.<br>**Құрастыру, жапсыру** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Кім жылы сумен жуынса-өте жақсы сол бала. Кім салқын сумен жуынса –батыр бала ол бала. Ал егерде ол жуынбаса –ештене деп аталмайды ол бала.<br>Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.<br>Достарымен ішке кіру. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| Түскі ас | Ас мәзірімен таныстыру. Балалардың назарын тағамға аудару, олардың адам денсаулығына пайдасын айту,тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.<br>Тағамды асықпай жеу керек.<br>Ас ішер алдында қолыңды жуу керек.<br>Мақал-мәтел:<br>Тату үйдің тамағы-тәтті.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**<br>**Бата жасау:**<br>Дастарханымыз мол болсын,<br>Көңіліміз тоқ болсын.<br>Қайда барсақ жол болсын<br>Басқан қадамымыз оң болсын. | | | | |
| Күндізгі ұйқы | «Үш аю» ертегісін оқып беру **Көркем әдебиет** | «Әлди-әлди» әнімен ұйықтату **Музыка** | «Аю мен Маша» ертегісін оқып беру көркем әдебиет | Аудио ертегі «Екі лақ» көрк.әдеб | Балалардың жақсы тынығулары үшін, жағдай жасау.**Музыка** |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары | Балаларды ояту,төсекте жатып бой жазу жаттығуларын жасау Сауықтыру-шынықтыру шарасы : «Түймелі жол» | Балаларды ояту,төсекте жатып бой жазу жаттығуларын жасау Сауықтыру-шынықтыру шарасы: «Құмырсқа» басқа жасалатын нүктелі массаж Д/ш | Балаларды ояту,төсекте жатып бой жазу жаттығуларын жасау Сауықтыру-шынықтыру шарасы: «Көңілді бақа» тыныс алуға арналған жаттығу Д/ш | Балаларды ояту,төсекте жатып бой жазу жаттығуларын жасау Сауықтыру-шынықтыру шарасы: «Бұлт тамшылары» арқа бұлшық етіне массаж жасау | Балаларды ояту,төсекте жатып бой жазу жаттығуларын жасау Сауықтыру-шынықтыру шарасы: «Орамалды жинау» аяқ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | майтабандылықтың алдын алу. Д/ш | | | арналған жаттығулар Д/ш | саусақтарына арналған жаттығу Д/ш |
| Бесін ас | Ас ішер алдында ,ас мәзірімен таныстыру. Балалардың назарын тағамға аудару.<br>Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.<br>«Бата айтып», «Ас қайтаруды» үйрету. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Дербес ойын «Тәтті тоқаш». Мақсаты:** Балалардың ойынға деген қызығушылығын арттыру. **Мүсіндеу** | **Танымдық-қимылды ойын:** «Ормандағы достар» **Мақсаты:** Балалар аңдардың жүрісін салып, санай алады. **Қоршаған ортамен танысу** | **Д/о: «Сәйкестендіріп жина» ойыны Мақсаты:** доптарды түстеріне сәйкес қораптарға жинауға, санауға үйрету. **Математика негіздері** | **Кітап бұрышында жұмыс:** Суреттік боямалар, картиналар құрастыру, суреттер қарау, суретке қарап әңгіме құрастыру. **Сөйл.дамыту, құрастыру, сурет салу.** | **Тақпақ:** Берекесін сыйлауға, Өлкемізге күз келді. Жемістерін жинауға, Шақырады біздерді **Жаңылтпаш:** Жағажайды жағалай, Жүгіреді Қамажай **Көркем әдебиет** |
| Балалармен жеке жұмыс | **Жеке баламен жұмыс:** «Қорегін тап» пазлын пайдалану арқылы Алибек, Абылайға жануарлар туралы түсініктерін нақтылау | **Жеке баламен жұмыс:** Құм терапиясын қолдана отырып Альбина, Ерасыл, Алинаға, сурет салуға деген қызығушылығын арттыру<br>**Сурет салу, көркем әдебиет** | **Жеке баламен жұмыс: Мақал-мәтел.** Таза болса- табиғат, Аман болар –адамзат. **Мақсаты:** Мақал жаттату арқылы Хан,Рауан,Ализиге сөздік қорын жетілдіріп, сөйлеу мәдениетін, ойлау | **Жеке баламен жұмыс: Ойын:** «Аңдар жүрер орманда». **Мақсаты:** Қимыл қозғалысын дамыту 4 бұрышты сүлгіден Қоянның бейнесін жасау. **Сурет салу, жапсыру,құрастыру** | **Жеке баламен жұмыс:** «Р», «Ғ» дыбыстарын дұрыс айтқызу,Айсері, Алау, Айкенге Тіл ұстарту жаттығуларын жасату: 1.Ыр – ыр – ыр, Жауады жаңбыр. 2.Ғай – ғай – ғай, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қабілеттерін дамыту, балалардың табиғат , денсаулық туралы түсініктерін тереңдету. **Қоршаған ортамен танысу, Сөйлеуді дамыту** | | Жарқылдайды найзағай. **.(сөйл.дамыту, көрк.әдеб)** |
| Серуенге дайындық | Балалардың киіну реттілігін бақылау.<br>Сыртқы киімдерін ауыстырып киюді қадағалау.<br>Балалармен жеке әңгімелесу.<br>Серуенге шығамыз деген нұсқаумен барлық балалар орындарына тұру.<br>Балаларды табиғатпен таныстыру. | | | | |
| Серуен | **Серуен картотека (қорытындылау)** | **Серуен картотека (қорытындылау)** | **Серуен картотека (қорытындылау)** | **Серуен картотека (қорытындылау)** | **Серуен картотека (қорытындылау)** |
| Серуеннен оралу | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| Кешкі ас | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**<br>**Бата жасау:**<br>Дастарханымыз мол болсын,<br>Көңіліміз тоқ болсын.<br>Қайда барсақ жол болсын,<br>Басқан қадамымыз оң болсын. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу | Әндер мен тақпақтарын қайталау. **көркем әдебиет, музыка** | **Қимылды жаттығу:**<br>Көтеріліп шаңырақ<br>Уықтары шаншылар<br>Керегелер керіліп<br>Өрімдей боп өрілер | Жеңіл көліктердің бейнесін құрастыру, жапсыру, және ермексаздан жолдар жасау | **Д/о** «Тез-ақырын»<br>**Мақсаты:**Балаларға тақпақтарды,жаңылтп аштарды тез жән ақырын айтуға үйрету.<br>**Ойын барысы:** | **Д/о** «Артығын тап.»<br>**Мақсаты**: Тіл байлықтарын, сөздік қорларын молайту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | | Бәріміз жүрсек айналып Киіз үй боп көрінер. Шаңырақтың суретін саусақпен салу. **Сурет салу, жапсыру** | **Құрастыру,жапсыру,мүсіндеу.** | Тәрбиеші балаларға бір сөзді,тақпақты немесе жаңылтпашты айтады. Балалар соны тез және ақырын қайталап айтуы керек. **сөйлеуді дамыту, көрк.әдеб** | Тапқырлық қабілеттерін дамытып, ойынға деген қызығушылықтарын дамыту. Сөйлеуді дамыту |
| Балалардың үйге қайтуы | Балалармен өз отбасы туралы әңгімелесу. | Алда болатын іс-шараларға қатысты әңгіме | Баланың бүгінгі көңіл-күйін баяндау | Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру. | Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету. |
| Циклограмма толтырған тәрбиеші: | | | Әдіскер: | | |

**Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** :Т.О.О «Инсар Компаниясы» «Ар-Дана» балабақшасы
**Топ:** ортаңғы «Айналайын» тобы
**Бала жасы: 3жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі** : **21.11-25. 11.2022-2023 оқу жылы**

